

Женщины, изменившие историю Казахстана: Гульсум Асфендиярова



Медицина – это всегда благородство, доброта и чувство радости. Первая казахская женщина-врач Гульсум Асфендиярова обладала именно этими качествами.

И хотя фамилия Асфендияровых широко известна благодаря младшему брату Гульсум — Санжару Асфендиярову, именно она была первой в семье, кто связал фамилию Асфендияровых с медициной.

Умми-Гульсум Асфендиярова родилась в Ташкенте в 1880 году. Ее мать была потомком Абылай хана, а отец служил военным переводчиком. Семья считалась знатной и образованной.

В детстве Гульсум часто видела вокруг больных людей, которым никто не мог помочь, в основном это были женщины и дети. Это

наложило печать на дальнейшую судьбу девушки. Гульсум всем сердцем всегда хотела помочь нуждающимся, и в этот момент у нее и зародилась мечта — стать доктором.

Училась она в Петербурге, в первом Женском медицинском институте. Это было уникальное заведение для того времени, ведь в других европейских вузах женщины не могли получать высшее медицинское образование. В вузе могли учиться только знатные и богатые личности. Но Гульсум улыбнулась удача. В институте объявили конкурс, где можно было выиграть 10 стипендий на обучение. В числе счастливиц оказалась наша героиня.

При обучении Гульсум столкнулась с такими проблемами, как невероятный холод (она родом из теплого края), голод (в годы учебы шли народные волнения, теракты, забастовки) и одиночество. Ей стало намного легче, когда на последнем курсе обучения к ней приехал ее младший брат Санжар, чтобы учиться в Военно-медицинской академии.



Гульсум и Мариям Асфендияровы вместе со студентами-казахами в Санкт-Петербурге, 1907 год

В 1908 году стипендиатка вернулась в родные края, окончив обучение на отлично, и начала работать по профессии. Так Умми-Гульсум Асфендиярова стала первой казашкой с дипломом о высшем медицинском образовании.

Девушка была предана родине и хотела исполнить свою давнюю мечту. Она попросила направить ее именно в Туркестанский военный округ. Желание Гульсум исполнилось. Она была

единственным врачом на восемь тысяч человек, но Асфендиярова хорошо справлялась со своими обязанностями. Ее волновало, в каких условиях живут люди: она не только лечила людей, но и просвещала их, рассказывала про личную гигиену и профилактику распространенных болезней. Гульсум стала врачом, который впервые в истории Туркестанского края провел кесарево сечение, сохранив жизни и роженицы, и младенца.



Гульсум Асфендиярова вместе с коллегами из Ташкентской женской больницы, 1923 год

Началась война, девушка вернулась к семье в Ташкент. Она не сидела сложа руки и открыла свое акушерско-гинекологическое отделение на 30 мест. Позже Гульсум стала директором городского роддома, открыла курсы акушерок. В 1918 году она была делегатом от Ташкента на Всероссийском съезде мусульманок, долго преподавала в Ташкентском медицинском техникуме, писала статьи для журналов и продолжала вести просветительскую деятельность.

У Гульсум Асфендияровой не было мужа и детей. Первая казахская женщина-врач посвятила всю свою жизнь медицине и помощи людям, как и мечтала об этом с детства.

Алғашқы дәрігер



Үммі Гүлсім Ташкенттегі мектепті бітірген соң Санкт-Петербургтағы Қыздар медициналық институтына оқуға түседі. Осылайша, оның маңдайына қазақ әйелдерінің арасынан шыққан тұңғыш дәрігер аты жазылды. Оны 1908 жылы бітірді. Оқуды аяқтаған соң елге оралады.

Темірлан дәрігерлік учаскесінде 1908 жылдың 27 шілдесінен бастап жұмыс істейді. Мұндағы 4 жыл қызметтен соң Ферғана облысы, Наманган уезінің Пап ауылының дәрігерлік учаскесіне дәрігер боп ауысады. Кейінірек Хиуа қаласындағы 100 орындық аурухананың құрылысы басталып, Үммі Гүлсімді сонда шақырады.

Үммі Гүлсімнің 1912 жылы әкесіне жазған мынадай хаты сақталыпты:

«Қымбатты әке! Сіз маған құрметті уәзір Акбар Ислам Қожаның хатын жібердіңіз және онда Хиуада жаңадан ашылған ауруханада қандай қызмет атқара алатыным туралы хабарлауды сұрапты. Бұл сұрақ мені тығырыққа тіреді: аурухана психологиялық ауытқуды емдейтін госпиталь сияқты мекемелерде шенділер штаты, оларда қызмет істейтіндер, алдын ала дайындалған және көпшілікке жарияланған қызметкерлер бар. Егер мен қойған талап белгіленген шарттармен сәйкес келмесе, өте ыңғайсыз жағдайда қаламын. Сол себепті мен сұраққа нақты жауап бере алмаймын. Бұл сұрақтың жауабы менің ойымда Хазірет ханның мейірімді рақымының қарауымен шешілуі тиіс. Маған Хиуадағы бұрын-соңды болмаған әйелдер ауруханасындағы жұмыс істеу туралы ұсыныс үлкен сенімнің белгісі болды. Егер мен Хазірет ханның рақымымен Хиуаға дәрігер болып барсам, туған мұсылман халқымның пайдасына адал жұмыс істеуге және Хазірет ханның, оның көңілі ақ тұрғындарының сенімін ақтауға тырысамын» деген.

1913 жылы ол Хиуаға ауысады. Сол жылы жергілікті дәрігер екеуі жүкті әйелдің жатырына ота жасап, ананы да, іштегі 8 айлық баланы да аман қалып қалады. Бұл сол кездегі үлкен оқиға болатын. Бірақ Гүлсім Хиуада көп тұрақтай алмай, Ташкентке ауысады. Бұнда келісімен жаңадан ашылып жатқан перзентханаға бас дәрігер қызметіне тағайындалады. Осы кезеңде қалада акушерлік курстарын ашқаны жөнінде де деректер бар. Онда қыздарды қабылдап, оқытады. Нәтижесінде, Ташкентте медициналық жүйе ілгерілеп, ана мен бала өлімі азайған.

1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін Асфендияровтар әулеті саяси істерге бел шеше кіріскен. Әкесі Сейітжафар да, інісі Санжар да онымен бірге болды. Гүлсім Түркістан атқару комитетіне мүше болып, әйелдер мәселесін, әсіресе әйелдер денсаулығына қатысты мәселелерді жиі көтерген. Солайша тұтас өмірін медицина саласына арнап, 1937 жылы 57 жасында өмірден өтеді.

Ташкенттегі акушерлік курста Гүлсім бірнеше шәкірт тәрбиеледі. Олардың ішіндегі ең беделдісі – Аққағаз Досжанова.

Қамқор ректор

Санжар Асфендияровтың қоғамдық-саяси істеріне көз жүгіртсеңіз, шым-шытырыққа тап боласыз. Аз уақыттың ішінде соншама жұмысты атқару, бір қарағанда, мүмкін де емес сияқты. Алайда оның бәрі Санжардың әзиз басынан өтіп, істері қағазға қатталыпты. Бұлтарудың жөні жоқ. Ташкенттегі мектепті бітіргеннен кейінгі өмірінде тыным жоқ. Мектептен соң Санкт-Петербург мемлекеттік университетіне түсуді көздейді. Таңдағаны – заң бөлімі. Алайда іріктеуден өтпей қалады. Себебі оны мектепте «Закон Божий» мен латын тілі пәндерін оқытпаған.

Алайда әпкесі Гүлсім оны ауылға қайта жібергісі жоқ. Келген екенсің, оқуың керек деп, Императорлық әскери-медициналық академияға құжат тапсыртады. Арадағы дайындықпен келесі жылы осында оқуға түсіп кетеді. Зиялы ортада тәрбиеленіп өскен ол Петерборда да білім қуған жастардың ортасында болады.

1912 жылы әскери-медициналық академияны бітірді. Одан кейін мемлекеттік қызметті өтеу үшін Ауғанстан мен Бұқара әмірлігінің шекарасындағы Термез бекінісінде қызметі басталады. Одан кейін 10-Түркістан атқыштар полкіне келеді. Келесі жылы Бірінші дүниежүзілік соғыс басталады да, 5-Түркістан полкінде аға дәрігер болады.

Санжардың шым-шытырық қызметі осылай басталып кетеді. Соғыс кезінде тұтқынға түседі де, патша билігінің опасыздығына көзі жетеді. Содан бастап саяси көзқарасы өзгереді. Алда Түркістандағы Денсаулық сақтау мен жер-су шаруашылығының наркомы, аштықпен күрес комиссиясы, жаңа түрік әліпбиін құрастыру, Н.Нариманов атындағы Мәскеу шығыстану институтының және КСРО Шығыс халықтарының этностық және ұлттық мәдениеттерін зерттеу институтының директоры, Қазақ мемлекеттік университетін құру және оны басқару, Қазақ медициналық институтының алғашқы директоры, Қазақ АКСР Денсаулық сақтау халкомы, КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалы төрағасының бірінші орынбасары секілді қызметтер тұрды.

Санжардың осындай қат-қабат қызметке толық өмірін қарап отырып, оның жаны сүйген саласы қайсы болды дегің келеді. Әу баста заңгерлікті оқығысы кеп, кейін әскери медицинаны оқып, түрлі жұқпалы ауруларды зерттеп, оларды емдеп, кейін саяси істерге араласып кеткенде де оның ойында бір-ақ нәрсе тұрғаны аңғарылады. Ол – ғылым. Себебі жастайынан әкесі әкеп берген сан түрлі кітапты оқығаны бар. Оның үстіне Қазақ мемлекеттік университеті құрылғанда оның ректоры боп қана жүре бермей, өзі бас болып

тарих факультетін ашуы және оның сабақтарын өзі жүргізуі осыған дәлел. Қолда бір оқулық жоқ. *«Адам баласы қандай мамандыққа ие болмасын, ол әрқашанда өз туған халқының тарихын білуге ұмтылады. Егер тарихты білу танымның шеңберін кеңейтсе, тарихи сана адамның да, ол өмір сүріп отырған қоғамның да мәдени деңгейін сипаттап, бейнелей алады»* депті Санжар Сейітжафарұлы. Осындай ойға бекіген ол бірнеше кітап жазды. «Ең көне замандардан бергі Қазақстан тарихы», «Қазақстанның бастан кешкендері: деректер мен материалдарда» кітаптары осылай өмірге келді. Басқа мақалаларын, қолжазбаларын есептемегенде, «Шатер мира» атты повесі – қазақ әдебиеті үшін елеулі еңбек. Бәлкім, орыс тілінде жазылғаны себеп болды ма, қазақ әдебиетінің тарихында бұл шығарма қаға берісте қалып келеді.

Санжар Асфендияровтың артында қалған мұрасы да осылар. Сонымен бірге ол қазақ тарихшыларын, тарих ғылымын қалыптастырды.

«Санжар Сейітжафарұлы ғылымның көп саласынан мол хабардар, дайындығы дархан, терең білімді, дүние танымы кең ғалым еді. Ол көптеген тілді білетін. Ағылшын, неміс, араб, парсы және бірнеше түркі тілдерінде басылған түпнұсқаларды пайдаланып, білімін ылғи да тереңдете түсіп жүретін. Тарихты жетік білу үшін көп тілді білу керек екенін біздерге де айтып отыратын», – деп естелік қалдырады шәкірті, тарихшы Дәмен Дінәсілов.

Ұстаздың көзін көргеннен кейін арада 40 жыл өткен соң Мұхаметжан Қаратаев күні кешегідей еске алғаны бар:

«Үш-төрт кісінің алдында ұзын бойлы, сұңғақ, сидалау келген қара торы кісі сызыла басып аудиторияға кірді. Үстіне кигені – ақ жібек көйлек, оның етегін жұқа галифе шалбардың сыртынан салып, белін жібектен ызған жіңішке белбеумен шалған, аяғында хром етік. Бізге тура қарап, салмақпен сөз бастағанда мөлдір қара көзі, сәл гана езу тартып жымыған жүзі жылышырай білдіреді. Жазық маңдайдың дәл ортасынан қақ жарып қайырған толқынды жұмсақ қара шаш, тұзу түскен мінсіз мұрын, бір шоқ қана тығыз қара мұрт профессордың сопақша келген кескінін сұлу да сүйкімді көрсетіп тұр. Ұзын кірпігінен ой ұшқынын шашыратып тұрып, орысша таза, әдемі сөйлеп кетті...»

Биолог боп кеткелі тұрған Қажым Жұмалиевті әдебиет факультетіне ауыстырған да – Санжар Асфендияров. Елдегі жалғыз университеттің ректоры бола тұрып, бір факультеттегі бір студентті байқап, оны кабинетіне шақырып алып тілдесуі – ағартушылыққа шындап кіріскенінің көрінісі. Қажым Жұмалиев ректормен алғаш кездескенде қазақшаға шорқақ екенін байқапты. Есесіне, орысшаға ағып тұр. Қажым Жұмалиев ҚазПИ-дегі студенттік күндерін былай еске алады:

«...Бізге ол кісінің әрбір қимылы, сөйлеген сөзі, жүріс-тұрысы – бәрі қызық, гажап тәрізденді. Санжар ағайды екінші курстың бірнеше студенті күтіп тұр екен. Ана кісі шығысымен-ақ әлгі «қулар» жақындаса кетті. Профессор оларды қолтықтан алып, әлдене әңгімелер айтып, ұзын коридордың арғы басына барып, сол қолтықтасқан бойы бері қарай жүрді. Шынын айтқанда, ол кезде, Санжар ағайдың бұл әдеті бізге ұнаған жоқ.

Профессор, ректор, соншама даңқты адамның студенттермен қолтықтасып жүруі біздің ақылымызға сыймады. Әлде, өзіміздің қолымыз жетпегесін, күндедік пе екен? Кейін білдік, үлкен үзіліс кезінде студенттермен дәл солай жүріп әңгімелесу – ол кісінің машығы екен. Жарты жыл өткеннен кейін, кейде өзіміздің де Санжар ағайдың қолтығына ілініп қалған кездеріміз болды.

Біздер ол кісіден «Қазақ тарихының» курсың түгел тыңдадық. Оның әр сабағың дәл осы тәрізді фактілерінің байлығы, құрылысының қызықтылығымен таңғалдыратың. Жоғары курс студенттерінің арасындағы оның беделінің тамыры қайда жатқаның біз енді ғана түсіндік. Енді біздер ол кісінің лекциясың ғана емес, сабағымызға қатысы жоқ, баяндамаларың да жібере қойдық па екен», – дейді Қажым Жұмалиев.

Мұхамеджан Қаратаевтың да әңгімесі осы мәнде:

«Мұнан былай Санжар Сейітжафарұлы Асфендияров студенттердің сүйікті ағасы болып кетті. Қамқор ректор, кейін тек профессор – әділ де адал, сезімтал да кішіпейіл, «қыз мінезді» адам болғандықтан ғана емес, терең білімді, нәзік мәдениетті, тілге жүйрік майталман ұстаз болғандықтан да профессор Асфендияровтың қазақ тарихы жөніндегі лекциясың тыңдауға әлденеше курс жиналатың едік. ҚазПИ-дің 11-аудиториясы лық толған. Туған халқыңның тарихыңан бұрын шежіреден басқа ештеңе естімеген өзіміз Санжар ағаның майда-қоңыр әуенмен жорғалатып айтқан мазмұнды лекциясың естігінде, шынын айтсақ, «аузымызды ашып», ұйып қалатыңбыз».

Амал не, 37-жылғы зұлмат Асфендияровты «ұмыт қалдырған» жоқ. Атылғаннан кейін араға 20 жыл салып барып ақталды.

Міне, Асфендияровтар өзінен кейінгі ұрпаққа осылай жол ашты. Қазір қазақ даласы дәрігерге, тарихшыға, мұғалімге кенде емес. Соның бәрі Асфендияровтардың жүріп өткен жолына бір қарап қояр ма екен дейсің...

Асылан ТІЛЕГЕН

“Жас ана мен нәрестенің өмірін сақтап қалған”. Қазақтың тұңғыш әйел дәрігері кім?



Фото: фотоколлаж bugin.kz / Арыстанбек Ғайнижамал

Халқымыз XIX-XX ғасырда әйел адамның тек ошақ қасында отырғанын күп көріп, білім алып, жұмыс істеуіне қарсылық танытқан. Дегенмен аты атала бермейтін небір қайсар қыздарымыз өзінің біліктілігін, таптырмас маман екенін түрлі салада көрсете білген. Сондай арулардың бірі- қазақтың тұңғыш әйел дәрігері **Гүлсім Асфендиярова**.

Гүлсім Асфендиярова хан-сұлтандардың отбасында дүниеге келген. Әкесі Сейітжапар Асфендиярұлы Әбілқайыр ханның ұрпақтарынан тараса, шешесі Гүландам Қошқарбайқызы Абылай ханның ұрпағы. Осындай текті әулеттен шыққан Гүлсім Асфендиярова 1880 жылы 12 қарашада Шымкент қаласында туған.

Сейітжапар мен Гүландам төрт қызын да Түркістандағы қыздарға арналған ең үздік оқу орны – Ташкент қыздар гимназиясына оқуға береді. 1899 жылы гимназияның толық курсын аяқтаған Гүлсім, бітіру куәлігін қолына алады.

Мұсылман халқының медициналық көмекке мұқтаж болғанын көрген Гүлсім Ташкентте арнайы латын тілінде дайындалып, емтихан тапсырып, Петерборға аттанады. 1900 жылы Қыздар медициналық институтына түсіп, онда 8 жыл оқиды. 1905-07 жылдардағы орыс революциясы тұсында Қыздар медициналық институты Петербордың өзге жоғары оқу орындары сияқты

уақытша қызмет етуін тоқтатуға мәжбүр болып, Гүлсім институтта тиісті 7 жылдың орнына 8 жыл оқып шықты.

1900 жылы түрік мұсылман халықтарының арасынан шыққан екі қыз ғана оқуға түседі. Ол полковник Асфендияровтың қызы – Гүлсім Асфендиярова болса, екіншісі подполковник Садық Әбдірахмановтың қызы – Зейнеп Әбдірахманова. Зейнептің ұлты – татар, Гүлсімнің ұлты – қазақ.

1913 жылы 3 қыркүйекте әскери-санитарлық ведомствоның №113 бұйрығы бойынша Гүлсім Асфендиярова өз еркімен мемлекеттік қызметтен босатылады. Түркістандағы мемлекеттік қызметін тоқтатқан соң, Гүлсім Асфендиярова Хиуа қаласында жаңадан ашылған ауруханаға жұмысқа қабылданады.

Хиуа ауруханасында әйелдер бөлімі меңгерушісі міндетін атқарған Гүлсім Асфендиярова орыс дәрігері А. Анисимовпен біріге отырып, алғаш рет жүкті әйелдің жатырына ота жасап, жас ана мен нәрестенің өмірін сақтап қалған.

1913 жылдың аяғына таман Ташкент қаласының басшылығы мол тәжірибе жинақтаған әрі өз еңбегімен жергілікті халықтың көңілінен шыққан Гүлсім Асфендиярованы қалада ұйымдастырылған перзентхананың бас дәрігері қызметіне тағайындалды.

1917 жылы тамызда Түркістан өлкесі қазақтарының жиыны өтті. Халық Гүлсім Асфендиярованы Ресейде өтетін құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде сайлап, оған үлкен сенім артады.

1920 жылы 13 ақпанда Ташкент қаласының ескі бөлігінде акушерлік курстарда оқыту ісін жүргізу мәселесі бойынша арнайы кеңес шақырылып, оған Г. Асфендиярова да қатысады. Кеңестің шығарған қаулысына сәйкес Г. Асфендияроваға акушерлік курстарда әйелдердің физиологиясы бойынша дәріс оқу ісі жүктелді.

Сырдария облысы Шымкент уезінде, кейін Ферғана облысының Пап бөлімшесінде дәрігер болып істеген. Ташкентте 30 төсектік жеке аурухана ашқан. Қазақ әйелдері үшін акушерлік мектеп ұйымдастырып, сонда оқытушы болған.

Гүлсім Асфендиярованың 1920-1937 жылдардағы 17 жылдық аралық әлі зерттелген жоқ. Өкінішке қарай, Гүлсімнің қызметін ашып көрсететін құжаттар Өзбекстанның мұрағаттарында жатыр.

1924 жылы қазан-қараша айларында жүргізілген Орта Азия республикаларының ұлттық-мемлекеттік межеленуінен кейін Гүлсім Асфендиярова ұйымдастырған акушерлік мектеп 1918 жылы Ташкентте ашылған алғашқы медициналық оқу орны – Түркістан өлкесі мұсылмандарының медициналық мектебінің қарамағына өтеді. Саналы ғұмырын туған халқына қызмет етуге арнаған Гүлсім Асфендиярова 1937 жылы қайтыс болды.

Деректер Алмас Жүнісбайдың aikun.kz сайтына берген сұхбатынан алынды
Материал авторы: Бану Әбдіғалиева

Алмас Жүнісбай, тарихшы: Гүлсім Асфендиярова – Әбілқайыр ханның ұрпағы

Тарих қойнауына үңілсек, еліміз азаттық таңына қол жеткізбей тұрып қаншама қиын-қыстау кезеңді басынан өткерді. Сондай бір қысылтаяң шақта қара басының қамын емес, халықтың жағдайын ойлап, қолұшын созғандардың арасында әйелдердің рөлі орасан зор болды.



Солардың бірі – қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш дәрігер Гүлсім Асфендиярова. Оның халықты ағартуда қосқан үлесі мен қызмет жолы жайлы тың деректер әлі күнге дейін толыққанды ашылмай, беймәлім күйінде жатыр. Біз мереке қарсаңында қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш дәрігер жайлы тарихшы Алмас Жүнісбаймен сұхбат құрған едік.

– Алмас мырза, нәубет жылдары халық игілігі үшін қызмет етіп, өз саласының тұңғышы әрі жарқ еткен жұлдызы атанған тұлғаларымыз туралы бірі білсе, бірі біле бермейді. Соның бірі – қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш дәрігер Гүлсім Асфендиярова. Оның «тұңғыш» атануына қандай іс-әрекеттері мен жүріп өткен жолы себеп болды?



– Гүлсім Асфендиярова хан-сұлтандардың отбасында дүниеге келген. Әкесі Сейітжапар Асфендиярұлы Әбілқайыр ханның ұрпақтарынан тараса, шешесі Гүландам Қошқарбайқызы Абылай ханның ұрпағы саналады. Осындай текті әулеттен шыққан Гүлсім Асфендиярова 1880 жылы Шымкент қаласында дүниеге келген. Гүлсімнің ата-анасы отбасында бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлді. Балалар мектепке барғанға дейін отбасында тәрбиеленді, яғни білім беру мәселесіне анасы Гүландам Қасымова жауап берген. Демек, Гүлсімнің анасы сауатты қазақ қыздарының бірі болғанын аңғаруға болады. Олар отбасында дүниеге келген сегіз балаға да жынысына, сол кезеңдегі дәстүрлі қоғамның қарсылығына қарамастан толыққанды білім беруге тырысқан. Сейітжапар мен Гүландам төрт қызын да Түркістандағы қыздарға арналған ең үздік оқу орны – Ташкент қыздар гимназиясына оқуға береді. Гүлсім оқуды үздік бағамен тәмамдаған соң болашақта дәрігер боламын деген үлкен мақсат қояды. Себебі сол уақытта Түркістан өлкесінде бірнеше індет пен жұқпалы ауру кең тараған кез еді. Жалпы, мұсылман халқының медициналық көмекке мұқтаж болғанын көрген Гүлсім Ташкентте арнайы латын тілінде дайындалып, емтихан тапсырып, куәлік алып, Петерборға аттанады. Ол Петербордағы Қыздар медициналық институтына, дәлірек айтсақ, қазіргі академик И.Павлов атындағы Санкт-Петербург мемлекеттік медициналық университетіне оқуға түседі. Сол тұста институт Еуропадағы медицина саласында білім беретін қыздарға арналған жалғыз университет еді. Бұл институтқа Гүлсім жалғыз өзі түскен жоқ. Мұнда Түркістан өлкесінің бірнеше тумасы, соның ішінде еврей, неміс және т.б. ұлт өкілдері оқыды. Бірақ 1900 жылы түрік мұсылман халықтарының арасынан шыққан екі қыз ғана оқуға түседі. Ол полковник Асфендияровтың қызы – Гүлсім Асфендиярова болса, екіншісі подполковник Садық Әбдірахмановтың қызы – Зейнеп Әбдірахманова. Зейнептің ұлты – татар, Гүлсімнің ұлты – қазақ. Гүлсім 1908 жылы аталған оқу орнын өте жақсы көрсеткішпен аяқтайды. Арнайы қыздар университеті болғандықтан, олар дәрігер-терапевт деген мамандықты алып шығады, яғни Гүлсім тек әйелдер мен балаларға дәрігерлік көмек көрсетуге құқылы болды. Университеттегі емтихандарын тапсырған соң ол патша Николайдың атына хат жазады. Гүлсімнің хатында өзі Түркістанның тумасы болғандықтан, өңірдің тұрмыс-салтын, жергілікті халықтың тілін

жақсы білгендіктен, сондай-ақ халыққа қызмет еткісі келгендіктен оны өзге аймаққа емес, Түркістан өлкесіне дәрігерлік қызметке жіберу туралы өтініш білдіреді. Нәтижесінде, өтініші қабылданып, ол Түркістандағы Темірлан ауылдық-дәрігерлік учаскесіне, қазіргі Түлкібас ауданына дәрігерлік қызметке жіберіледі. Қарап отырсақ, Гүлсім – қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш дәрігер ғана емес, Ресейдегі жоғары оқу орнын аяқтаған алғашқы қазақ қызы.

Талай нәрестенің дүниеге келуіне көмектесті

– 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін Түркістан өлкесіндегі саяси билікті өз қолына алған большевик билігі тұсында да Гүлсім Асфендиярова дәрігерлік және оқытушылық қызметін жалғастырыпты. Сол тұста ғылымда әйелдердің рөлі қандай маңызға ие болды?

– Гүлсім Хиуада қызмет еткен соң әрі туыстары Ташкентте орналасқандықтан, Ташкентке ауысу жолдарын қарастырды. 1914 жылы Ташкент қаласының мұсылман бөлігінде құрылған арнайы перзентханада жетекші қызметіне тағайындалып, сол жердің қызметін ұйымдастырады. Осы уақытта Гүлсім талай нәрестенің дүниеге келуіне көмектесті. Ол түркі мұсылман халықтарының арасында оқыған санаулы қыздардың бірі болғандықтан, революция келіп билік ауысып жатқан шақта Гүлсімді түрлі қоғамдық жұмыстарға тарта бастады. 1917 жылы тамызда Түркістан өлкесі қазақтарының жиыны өтті. Халық Гүлсім Асфендиярованы Ресейде өтетін құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде сайлап, оған үлкен сенім артады. Одан бөлек, 1917 жылы 24-27 сәуір аралығында Қазан қаласында І Бүкілресейлік мұсылман әйелдерінің съезі өтті. Сол жиынға Түркістаннан Гүлсім Асфендиярова, татар ұлтынан шыққан С.Еникеева және қазақ өлкесінен Аққағаз Досжанова арнайы делегат ретінде бастап барды. Сол сәттегі суреттер әлі күнге дейін сақталған. Гүлсім жиында әйелдердің құқығын, ана мен баланың денсаулығын қорғау, теңдік мәселелерін көтерген адам еді. Кейін Ташкентте перзентхананы басқара жүріп, туған інісі Санжар Асфендияров 1919 жылы Түркістан Республикасының денсаулық сақтау халық комиссиарының қызметін атқарған кезде жергілікті ұлт өкілдерінің арасынан дәрігерлерді даярлау жұмысына белсене қатысады. Газеттерге арнайы үндеулер жарияланды. Дәрігер көмекшісі, мейірбике, фельдшер мамандығына қысқа және ұзақмерзімді курстарды ұйымдастыруға атсалысып, курстардың оқу

бағдарламасын жазды. Сол курстарда өзі де дәріс оқып, ұстаздық қызметпен айналысты.



Медицина саласында өз ізін қалдырған мамандар

– Тарихи деректерде Гүлсім Асфендиярованың қазақ арасынан шыққан тұңғыш дәрігерлердің бірі Санжар Асфендияровтың әпкесі екені айтылады. Осыдан кейін «медицина ғылымымен тұтас бір династия айналысты ма?» деген сауал туындайды...

– Иә, расында солай айтуға негіз бар. Біріншіден, Гүлсім өз оқуын аяқтағанға дейін оның туған әпкесі Бибіайша Асфендиярова Әли Көтібаровқа тұрмысқа шығады. Ал Әли – қазақтың арасынан ғана емес, Орталық Азиядағы түрік мұсылман халықтары арасынан Петербордағы Жоғары әскери медициналық академияны алғаш аяқтап, Қызылорда өңірінде дәрігерлік қызметпен айналысқан адам. Екіншіден, Гүлсімнің өзі де дәрігерлік медицина институтын тәмәмдап, дәрігерлік қызметін жалғастырды. Ол – Орталық Азияда дәрігер ретінде танымал болған жан. Мәселен, Аққағаз Досжанованың өзі де Гүлсімді медицина саласындағы ұстазы ретінде тұтқан. Санжар Асфендияров – революцияға дейін медициналық академияны аяқтаған бес қазақтың бірі. Бұл – назар аударарлық маңызды факт. Санжар Асфендияровтың кіші қарындасы Анель Асфендиярова Рагоза Николай Ивановичке тұрмысқа шығады. Ол Санжар Асфендияровпен бір уақытта императорлық әскери медицинада оқып, кейіннен Түркістан өлкесінде әскери медициналық қызметпен айналысады. Кейіннен Ленинградтағы әскери-медициналық академияның жұқпалы аурулар кафедрасында басшылық еткен. Біраз ғылыми еңбектерімен танылып, нәтижесінде әскери медициналық қызметтің генералы қызметіне қол жеткізді. Олар Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Ташкенттен Петерборға

келіп, әскери медициналық қызметтің дамуына үлес қосады. Осындай құнды деректерден кейін Асфендияров әулеті және сол отбасының мүшелерімен туыс болған адамдар медицина саласында ойып тұрып орын алған, өз ізін қалдырған мамандар деп түйіндеуге болады.

– Жоғары медициналық білім алып, дипломды дәрігер атанған алғашқы қазақ әйелдері ХХ ғасырдың басында феминистік қозғалыстың алдыңғы қатардағы көшбасшылары болған деп баға берілген. Олардың арасында Гүлсім Асфендиярова мен Аққағаз Досжанованың есімі ерекше аталады. Одан өзге бұл қатарда тағы қандай тұлғалар болды?

– Бұл сұраққа біржақты жауап беру қиын. Сол кезеңдегі феминистік қозғалыс деп айту қисынсыз шығар, бірақ қазіргі тілмен айтсақ, иә, феминистік қозғалыс деуге келеді. Бұл тұста жергілікті билік, Түркістан автономиясы, Алашорда үкіметі, онымен қоса Уақытша үкімет те әйел теңдігін қорғау, яғни ғасырлар бойы теңсіздік, құқықсыз жағдайында өмір сүріп келген әйелдер мәселесіне өте қатты көңіл бөлді. Қалыңмалды жою, әйелдер мен қыздарға ұлдармен бірдей тең құқылы білім беру, қыздарды мектеп пен университеттерге оқуға беру, жұмыс бабымен қызмет көрсету, сонымен қатар ана мен бала денсаулығы мәселесіне мән берген. Осы қозғалыстың қатарында өзінің қызметімен танылған Гүлсім Асфендиярова да табылады. Ол мемлекеттік деңгейде әйел мәселесіне қатысты мәселелерде пікірін ашық білдіріп, жағдайдың оң шешілуіне ықпал етті. 1919 жылы Ташкентте Қазақ ағарту институты құрылды. Сол жерде Санжардың тағы бір туған қарындасы ұстаздық қызметпен айналысты. Одан бөлек, Лапиндер әулетінен шыққан адамдар да әйел құқығы, олардың қоғамда өз орнын таба білуі және еңбекке тарту ісіне атсалысты. Санжар Асфендияровтың әйелі Рабиға Асфендиярова – революцияға дейін Петербордағы жоғары оқу орындарының бірі Павловский қайырымды қыздар институтында білім алған санаулы қазақ қыздарының бірі. Тіпті, қазақтар ғана емес, жалпы түрік мұсылман қыздарының арасынан шыққан санаулысы ғана деп айтуға болады. Рабиға Лапина – текті әулеттің қызы. Серәлі Лапиннің қызы институтта білім алған сауатты маман ретінде бірқатар мемлекеттік органдарда қызмет атқарды. Мәселен, қазіргі Алматы қаласында орналасқан Ұлттық кітапханада өңдеу бөлімінің меңгерушісі қызметімен айналысты. Ал Бибіайша Асфендиярова

кейіннен құрылған КСРО Ғылым академиясы қазақ филиалының жанындағы тарихи-археографиялық комиссияның хатшысы болды.

Әр қайраткер өз іздеушісін күтіп жатыр

– Дәрігер болу – жауапкершілік жүгі ауыр мамандық. Кешегі жер сілкінісі кезінде дәрігерлерге қатысты әлеуметтік желіде кең тараған видеолар да сөзімізге дәлел болмақ. Ал азаттыққа қол жеткізбей тұрып, сонау қиын-қыстау кезеңде жұқпалы індеттермен күрескен дәрігерлер туралы ақпарат әлі күнге дейін ашылмаған сандық күйінде жатыр, яғни олар жайлы деректер көмескі. Тарихта атқарған еңбегі орасан зор тұлғаларымыздың есімі мен ерлігі бүгінгі ұрпаққа толық жетті ме?

– Өкінішке қарай, Қазақстанда медицина, соның ішінде денсаулық сақтау саласының тарихын зерттеу мәселесі кенжелеп дамып келеді. Бұл туралы Кеңес заманында негізгі еңбектерде жарияланғанымен, біршама мәселе шет қалды. 1970-1980 жылдары қазақтан шыққан алғашқы дәрігерлерді қазаққа таныту мәселесі төңірегінде бірқатар еңбектер жарық көрді. Олардың ішінде Мұхамеджан Қарабаев, Аққағаз Досжанова туралы жазылған еңбектерді атап өтуге болады. Кейін 1984 жылы «Қазақтың алғашқы дәрігерлері» деген кітап жарыққа шықты. Сол кезде адамдар алғаш рет Мәскеу, Қазан қаласындағы медицина университеттерінде білім алып, елге оралған соң дәрігерлік қызметпен айналысқан қазақтар туралы біле бастады. Алайда әлі күнге дейін қайраткерлердің өмір жолы мен қызметі толық қалпына келген жоқ. Сондықтан олар жайлы маңызды деректер бүгінгі ұрпаққа толық жетті деп айта алмаймыз. Әр қайраткер әлі де өз іздеушісін күтіп жатыр. Біз жоғарыда атап өткен Санжар, Гүлсім, Аққағаздан өзге есімдері беймәлім қалған қаншама қайраткер бар. Революцияға дейін әскери қызметкерлер мемлекеттік қызметтен өтуге міндетті болса, дәрігерлер де тіркеуге алынып, қызмет етуге мәжбүр болды. Соғыс жағдайында індет тараған жағдайда дәрігерлерді тіркеуге алып, белгілі бір жұмысты атқаруға жұмылдырды. Мысалы, Түркістанға Бұхарадан, Хиуадан кірген індеттерге қарсы күрес жұмыстарына жұмылдырылған дәрігерлердің қатарында Санжар Асфендияров та болды. 2000 жылы «Кто есть кто в медицине» атты биографиялық анықтама кітабы жарық көрді. Бұл кітапта жүзге тарта қазақтан шыққан дәрігерлердің өмірбаяндары берілді. Дегенмен деректер әлі де толықтыруды, сан қырлы жағынан зерттеуді талап етеді.



Гүлсім туралы деректер Өзбекстан мұрағаттарында жатыр

– Гүлсім Асфендиярова – өз заманында дәрігерлік оқу орындарының беделін көтеру мәселесін шешуге білек сыбана атсалысқандардың бірі де бірегейі. Кейінірек дәрігердің ізінен еріп, жолын жалғастырған шәкірттері болды ма?

– Бұл сұрағыңызға жауап беру өте қиын дер едім. Гүлсім Асфендиярованың 1920 жылға дейінгі өмірі мен қызметі мұрағат деректерінің негізінде зерттелген. Сол тұста біраз дүние назарға алынып, факт ретінде нақтыланды. Ал 1920-1937 жылдардағы 17 жылдық аралық әлі зерттелген жоқ. Өкінішке қарай, Гүлсімнің қызметін ашып көрсететін құжаттар Өзбекстанның мұрағаттарында жатыр. Көршілес өзбек халқы тарапынан Гүлсім Асфендиярованы зерттеп жүрген зерттеушілер өте аз. Кезінде тарих ғылымдарының докторы, профессор Мадирим Махмұдов пен оның қызы арнайы зерттеулер жүргізіп, мақалалар жазды. Бірақ Гүлсім Асфендиярова жайлы толыққанды зерттеу жұмысы әлі де жүргізілмеді. Сондықтан оның өмір жолының бізге жетпеген беймәлім тұстары өте көп дер едім. Ал енді «шәкірттері кім?» деген сауалға жауап беру қиын... Гүлсім – өзі қызметте болған мекемеде, аурухана немесе перзентхана болсын азаматтық ұстанымы мен дәрігерлік борышын алғашқы орынға қойған маман. Ол ұстаздық жолында қызмет етуден ешқашан бас тартқан емес. Қолынан келгенше айналасына бар көмегін аямауға тырысты. Бәлкім, артынан ерген шәкірттері бар шығар, бірақ біз олардың небір естеліктерін таба алмай жатырмыз. Болашақта Ташкентке іссапармен жол түсіп жатса мұрағатқа барып, Гүлсім Асфендиярова туралы тың деректерді тауып, қалың оқырман назарына ұсынамыз деп ойлаймын.

Сұхбаттасқан Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Иллюстратор: Роза Жасимова



«МНЕ КРАЙНЕ
ПОЛЬСТИЛО
ВЫСОКОЕ
ПРЕДЛОЖЕНИЕ
ЗАНЯТЬ ДОЛЖНОСТЬ
ПРИ ЖЕНСКОЙ
БОЛЬНИЦЕ В ХИВЕ,
ГДЕ РАНЬШЕ ЕДВА
ЛИ ДАЖЕ БЫВАЛИ
ЖЕНЩИНЫ-ВРАЧИ».

Тулъсуи Асфендиарова

ПЕРСОНА ДНЯ



Гульсум и Мариям Асфендияровы вместе со студентами-казахами в Санкт-Петербурге, 1907 год



*1917 жылы 24-27 сәуір аралығында Қазан қаласында өткен
I Бүкілресейлік мұсылман әйелдерінің съезі*

Алмас Жүнісбай, тарихшы: Гүлсім Асфендиярова – Әбілқайыр ханның

ұрпағы



Тарих қойнауына үңілсек, еліміз азаттық таңына қол жеткізбей тұрып қаншама қиын-қыстау кезеңді басынан өткерді. Сондай бір қысылтаяң шақта қара басының қамын емес, халықтың жағдайын ойлап, қолұшын созғандардың арасында әйелдердің рөлі орасан зор болды.

Солардың бірі – қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш дәрігер Гүлсім Асфендиярова. Оның халықты агартуда қосқан үлесі мен қызмет жолы жайлы тың деректер әлі күнге дейін толыққанды

ашылмай, беймәлім күйінде жатыр. Біз мереке қарсаңында қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш дәрігер жайлы тарихшы Алмас Жүнісбаймен сұхбат құрған едік.

– Алмас мырза, нәубет жылдары халық игілігі үшін қызмет етіп, өз саласының тұңғышы әрі жарқ еткен жұлдызы атанған тұлғаларымыз туралы бірі білсе, бірі біле бермейді. Соның бірі – қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш дәрігер Гүлсім Асфендиярова. Оның «тұңғыш» атануына қандай іс-әрекеттері мен жүріп өткен жолы себеп болды?

– Гүлсім Асфендиярова хан-сұлтандардың отбасында дүниеге келген. Әкесі Сейітжапар Асфендиярұлы Әбілқайыр ханның ұрпақтарынан тараса, шешесі Гүландам Қошқарбайқызы Абылай ханның ұрпағы саналады. Осындай текті әулеттен шыққан Гүлсім Асфендиярова 1880 жылы Шымкент қаласында дүниеге келген. Гүлсімнің ата-анасы отбасында бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлді. Балалар мектепке барғанға дейін отбасында тәрбиеленді, яғни білім беру мәселесіне анасы Гүландам Қасымова жауап берген. Демек, Гүлсімнің анасы сауатты қазақ қыздарының бірі болғанын аңғаруға болады. Олар отбасында дүниеге келген сегіз балаға да жынысына, сол кезеңдегі дәстүрлі қоғамның қарсылығына қарамастан толыққанды білім беруге тырысқан. Сейітжапар мен Гүландам төрт қызын да Түркістандағы қыздарға

арналған ең үздік оқу орны – Ташкент қыздар гимназиясына оқуға береді. Гүлсім оқуды үздік бағамен тәмәмдаған соң болашақта дәрігер боламын деген үлкен мақсат қояды. Себебі сол уақытта Түркістан өлкесінде бірнеше індет пен жұқпалы ауру кең тараған кез еді. Жалпы, мұсылман халқының медициналық көмекке мұқтаж болғанын көрген Гүлсім Ташкентте арнайы латын тілінде дайындалып, емтихан тапсырып, куәлік алып, Петерборға аттанады. Ол Петербордағы Қыздар медициналық институтына, дәлірек айтсақ, қазіргі академик И.Павлов атындағы Санкт-Петербург мемлекеттік медициналық университетіне оқуға түседі. Сол тұста институт Еуропадағы медицина саласында білім беретін қыздарға арналған жалғыз университет еді. Бұл институтқа Гүлсім жалғыз өзі түскен жоқ. Мұнда Түркістан өлкесінің бірнеше тумасы, соның ішінде еврей, неміс және т.б. ұлт өкілдері оқыды. Бірақ 1900 жылы түрік мұсылман халықтарының арасынан шыққан екі қыз ғана оқуға түседі. Ол полковник Асфендияровтың қызы – Гүлсім Асфендиярова болса, екіншісі подполковник Садық Әбдірахмановтың қызы – Зейнеп Әбдірахманова. Зейнептің ұлты – татар, Гүлсімнің ұлты – қазақ. Гүлсім 1908 жылы аталған оқу орнын өте жақсы көрсеткішпен аяқтайды. Арнайы қыздар университеті болғандықтан, олар дәрігер-терапевт деген мамандықты алып шығады, яғни Гүлсім тек әйелдер мен балаларға дәрігерлік көмек көрсетуге құқылы болды. Университеттегі емтихандарын тапсырған соң ол патша Николайдың атына хат жазады. Гүлсімнің хатында өзі Түркістанның тумасы болғандықтан, өңірдің тұрмыс-салтын, жергілікті халықтың тілін жақсы білгендіктен, сондай-ақ халыққа қызмет еткісі келгендіктен оны өзге аймаққа емес, Түркістан өлкесіне дәрігерлік қызметке жіберу туралы өтініш білдіреді. Нәтижесінде, өтініші қабылданып, ол Түркістандағы Темірлан ауылдық-дәрігерлік учаскесіне, қазіргі Түлкібас ауданына дәрігерлік қызметке жіберіледі. Қарап отырсақ, Гүлсім – қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш дәрігер ғана емес, Ресейдегі жоғары оқу орнын аяқтаған алғашқы қазақ қызы.

Талай нәрестенің дүниеге келуіне көмектесті

– 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін Түркістан өлкесіндегі саяси билікті өз қолына алған большевик билігі тұсында да Гүлсім Асфендиярова дәрігерлік және оқытушылық қызметін жалғастырыпты. Сол тұста ғылымда әйелдердің рөлі қандай маңызға ие болды?

